

## **"Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясының мәселелері**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 шілде 1994 ж. N 796

"Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі N 1618 U941618\_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

(1-тармақ) <\*>

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1994.11.01. N 1214 қаулысымен.

2. Телерадиохабарлар саласында "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясы республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырысты (контрактыны) орындаушы деп белгіленсін.

3. "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясына " ИНТЕЛСАТ" халықаралық жер серігі ұйымының мүшелігі қызметі жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясына таратылған " Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының құрамына кірген шығармашылық-өндірістік бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, оның үй-жайларын, ғимараттарын, жабдықтарын және басқа да материалдық құндылықтарын, бағалы қағаздарын, ұлттық және шетелдік валютадағы ақша қаражаттарын иелену, пайдалану және басқару құқын берсін; <\*>

егер "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясының салалық бөлімшелерін акционерлендіру жөнінде шешім қабылданған жағдайда, оның иелігіндегі мемлекеттік акциялар пакеті толық көлемінде "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясына берілетін болып белгіленсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қ.Р.К.М. 1 қараша 1994 ж. N 1214 қаулысы.

5. "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясы:

бір ай мерзім ішінде телерадиохабарлар жүйесін ұзақ уақыт қаржыландыру (оның ішінде шетелдік) көздерін анықтай отырып, түбірінен жаңарту жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынсын;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп , екі ай мерзім ішінде мемлекеттік телерадиохабарлар жүйесін тиімді пайдалану жөнінде ұсыныс әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына ұсынатын болсын;

Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігімен (ҚазТАГ) бірлесіп, шет елдерде республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын корреспонденттік жүйе құру туралы Сыртқы істер министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Экономика министрлігімен келісілген ұсынысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін;

теледидар, радио және телекоммуникациялар саласында кадрлар даярлаудың, қайта даярлаудың тиімді жүйесі үшін тиісті материалдық-техникалық базасы бар оқу орталығы құрылсын;

министрліктермен, мекемелермен, мемлекеттік акционерлік және холдинг компанияларымен алдын ала келісе отырып, оларға және олардың салалық бөлімшелеріне қарасты алаңдарында негізгі қызметті жүзеге асыру үшін, қоғамдық елеулі маңызы бар телебағдарламалар жасау үшін тегін бейнетүсірулер мен жазбалар жүргізетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және олардың бөлімшелері:

- "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық

корпорациясының қызметін жоспарлау мен қаржыландыру, индикативті жоспар мен бюджет дайындау кезінде хабардың көлемі мен бір сағатының құнын ескеріп, мемлекеттік тапсырысқа (контрактқа) сай бюджетте жеке көрсетуді жүзеге асырсын;

- "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясымен бірлесіп, оның жаңа қаржы көздерін пайдалана отырып, корпорацияны қаржыландыру тетігін әзірлеп, енгізісін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 15 шілдедегі  
N 796 қаулысына  
N 1 қосымша

"Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық  
корпорациясы туралы  
Ереже

1-бап. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясы (ҚТРРК) "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі N 1618 Жарлығына сәйкес құрылған.

2. ҚТРРК телерадиохабарларын тарату саласында республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырысты (контрактты) атқарушы болып табылады.

3. ҚТРРК корпорацияның қызметіне қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен басқа да актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, құрылтайшы құжаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да нормативті актілерін басшылыққа алады.

4. ҚТРРК Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы таратылған "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының құрамына кірген шығармашылық-өндірістік бөлімшелердің, өндірістер мен ұйымдардың мемлекеттік мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін бұрын болған мүліктік, мүліктік емес құқықтар мен міндеттердің заңды мұрагері болып табылады.

## 2-бап. Қызметінің мақсаттары мен түрлері

5. ҚТРРК қызметінің мақсаттары:

- Қазақстанда жоғары мәдениетті және сапалы теледидар мен радио хабарларын таратуды мүлде жаңаша қалыптастыру, еліміздің экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан процестерді дәлелді және таразылай отырып көрсетуге бағытталған бағдарламалар жасау, экономикада, әлеуметтік-рухани өмір аясында түбегейлі реформалар жүргізудегі, қоғамды демократияландырудағы, қазақстандық қоғамды бірлікке ұмтылдыруға мемлекеттік бағытқа жол ашу, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпыұлттық мүдделері мен конституциялық құқықтарын қорғайтын азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету; еліміз халықтарының білімдік және рухани қажетін қанағаттандыру, Қазақстанда тұратын этностардың мәдениетін, тілін, дәстүрлерін дамыту және өзара қарым-қатынасқа түсіру;

Қазақстанның бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру және оның әлемдік ақпараттық процестерге енуін жылдамдату;

Қазақстан Республикасының Президенті, Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер

Кабинеті қабылдаған ресми хабарларды, шешімдерді тарату;

Қазақстан Республикасы және оның әлемдік қауымдастықта болып жатқан өзгерістері туралы ақиқат ақпараттар тарату;

телерадио хабарларын тарату аясында мемлекеттік саясатты әзірлеу, үйлестіру және жүзеге асыруға қатысу, телерадио хабарларын таратуға байланысты мәселелер бойынша заң шығаруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлау;

республикадағы және шет елдік жеке адамдар мен заңды ұйымдардың қажетін қанағаттандыру үшін ҚТТРК қызметінің негізі болып табылатын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары аясында және халықаралық шарттарға, келісімдер мен хаттамаларға сай өнімдер шығарып, жұмыстар мен қызметтер көрсету;

дәстүрлі, кабельді және жер серігі байланысы бар теледидары, сондай-ақ телерадиокоммуникацияларды, ақпараттық жүйе мен желілерді құрып, дамытуға қатысу болып табылады.

6. ҚТТРК бұл мақсаттарға жету үшін мынадай мәселелерді:

Қазақстан Республикасының халқын көпбағдарламалы телерадиохабарларымен барынша кең қамтуды қамтамасыз етуді;

телерадиохабарлардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру мен дамытуға бағытталған біртұтас техникалық, технологиялық және инвестициялық саясатты жүргізуге қатысуды;

мемлекетаралық, республикалық, облыстық, қалалық және аудандық телерадиохабарлары ұйымдарының хабар тарату желісін әзірлеуді және пайдалануды үйлестіруге қатысуды;

басқаруды жетілдіруді және ҚТТРК қызметкерлерін әлеуметтік-экономикалық жағынан қорғауды;

нарық экономикасы жағдайында теледидар, радио, информатика және коммуникациялар жүйесінде жұмыс істейтін жоғары білікті мамандар даярлауды ұйымдастыруды;

шетелдердің хабар таратушы, журналистік коммуникациялық мемлекеттік және коммерциялық мекемелерімен және ұйымдарымен, хабар таратушы және коммуникациялық мекемелер мен ұйымдардың халықаралық одақтарымен және қауымдастықтарымен екіжақты және көпжақты байланыстарды дамытуды шешеді.

7. ҚТТРК-ның негізгі қызметі:

мемлекеттік контрактыны жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік бюджеттен орталықтандырылып бөлінген қаражатты корпорацияның құрылымдарына ұтымды бөлуді іске асыру;

телерадиохабарларға мемлекеттік тапсырыс (контракт) көлеміне сай республикалық телебағдарламалардың бағытын, мазмұнын және тарату көлемін анықтау;

мемлекеттік тапсырысқа (контрактқа) енген корпорация тарататын теледидар мен радио хабарлары бағдарламаларының сапасын бақылау, облыстардың, Алматы және

Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп, мемлекеттік хабарлар бағдарламаларын сапалы қабылдауға кедергі жасайтын кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдау; кеңес беру, ғылыми, ақпараттық-есептік, маркетингтік және инжиниринг қызметтерін көрсету;

корпорацияның интеллектілік меншігі ретіндегі технологиялар мен басқа да объектілерді әзірлеу, телерадио өнімдері иелерінің құқықтары мен өнертапқыштығын пайдалануға "ноу-хау" лицензияларын сатып алу;

қоғамдық пікірлерді зерделеу, әлеуметтік зерттеулер нәтижелерін, оның ішінде ҚТРРК-ға мемлекеттік органдар берген мәліметтерді пайдалану;

салаға тиімді инвестиция жасау үшін, отандық телерадиохабарларының бәсекелестік сапасын арттыру үшін ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, эксперименттік және енгізу жұмыстарын жүргізу;

ақпараттық жаңа технологияны әзірлеу, ақпараттарды берушілер мен оны пайдаланушылар арасындағы коммуникациялар жүйесін енгізу, дамыту және жаңғырту, сондай-ақ ақпараттарды тұтынушылар үшін дәстүрден тыс қызметтің жаңа нысандарын енгізу болып табылады.

### 3-бап. ҚТРРК құқы

8. ҚТРРК Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында оның қатысуымен жасалған Халықаралық шарттарда, келісімдер мен хаттамаларда, сондай-ақ құрылтайшы құжаттарда көзделген құқықтарды пайдалану, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының Баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңына сәйкес ҚТРРК мемлекеттік ұйымдардан, лауазымды адамдардан олардың құзыры шегінде өз құзырына кіретін ақпараттар, мәліметтер, құжаттар ала отырып, ұлттық ақпарат ресурстарын қалыптастыруға, ақпарат саясатын әзірлеп, үйлестіруге және жүзеге асыруға қатысу;

басқару нысанын анықтау, шаруашылық шешімдер қабылдау, өнім өткізу, баға белгілеу, төлем, еңбекке ынталандыру мен өтемдер төлеу, сондай-ақ пайданы бөлу мәселелерінде шаруашылық дербестік;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына, оның қатысуымен жасалған халықаралық шарттарға, келісімдерге және хаттамаларға сәйкес сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, халықаралық және республикалық телекөпірлер, конкурстар мен фестивальдер, көрмелер мен сауда-көрмелер, байқаулар мен лотереялар, телеаукциондар мен телебиржалар, шығармашылық кештер мен ойын-сауық шараларын ұйымдастыру мен өткізуге қатысу ;

баспа, жарнама қызметімен айналысу, өзінің дыбыстыбейнелік өнімдерін көбейтіп,

Республика ішінде де, одан тыс жерлерде де оларды өткізу және айырбастау, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес эфир уақытын басқа мекемелерге, оның ішінде шет ел мекемелеріне де пайдалануға беру;

ҚТРРК құрылымын, штаты мен лауазымдық жалақыларын дербес бекіту, қызметкерлерді конкурстық-контрактылық негізде жұмысқа алуды және қызметтен босату, уақытша шығармашылық ұжымдар құру және т. б.;

Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде осы субъектілер орналасқан жердің заңды негізінде еншілес, бірлескен және басқа ұйымдық нысандағы кәсіпорындар, қоғамдық бірлестіктер, қорлар құру;

қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру құқықтарын пайдаланады.

#### 4-бап. Басқару органы

9. "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясының басқару органдары:

басқарудың жоғарғы органы - құрылтайшылардың жалпы жиналысы;

байқаушы орган - Байқаушы кеңес;

атқарушы орган - Басқарма (Корпорация кеңесі);

бақылау органы - Тексеру комиссиясы болып табылады.

10. "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын президент басқарады.

Корпорация президентінің вице-президенттері мен өз аппаратының басшысы болады. Вице-президенттерді корпорация президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды. Корпорация аппаратының басшысы мен негізгі құрылымдық бөлімшелердің басшыларын Президент Аппаратының және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің басшылығымен келісе отырып, корпорация президенті тағайындайды. Корпорация президенті вице-президенттердің міндеттерін бөліп береді.

11. ҚТРРК президенті корпорацияға жүктелген міндеттер мен атқаратын қызметтердің орындалуы үшін тікелей жауап береді корпорацияның вице-президенттері мен құрылымдық бөлімшелері басшыларының жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

ҚТРРК президенті өз құзыры шегінде корпорацияның барлық бөлімшелері орындауға міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады, нұсқаулар мен жарлықтар береді, оның басқару құрылымын, орталық аппараттың штат кестесін бекітеді және оларды белгіленген тәртіпке сәйкес Қаржы министрлігінде бекітіп, басқару аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, қолданылып жүрген заңға сәйкес бұлардан басқа да құқықтары бар.

12. Корпорацияның басқару органының құзыры Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ